Шардара қаласы

«Шардара» мектеп - лицейі

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 2-отырысының хаттамасы

Шардара қаласы 15.09.2025ж

Өткізілген орны: Мектептің мәжіліс залы

Қатысқандар::Л.Ө.Құлмаханбет,Э.О.Кулиева,Қ.Нуржанова,Р.Кеңес, А.Арын.Б.Исабекова,Г.Тұрсымбетова.Д.Дүйсебаева,Э.Үмбетова,С.Жексенба ева,А.Базарбаева,М.Сатылганова,УсенбаеваД..У.Жора. И.Досыбаева.С.Шындалиева

Күн тәртібінде:

1. ЕББҚ ететін білім алушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін терең зерттеу нәтижелерін қарастыру (Арнайы педагог, педагог-психолог, әлеуметтік педагог);
2. Бірінші жартыжылдыққа жеке оқу бағдарламалары мен жеке дамыту, түзете-дамыту бағдарламаларын бекіту;
3. Командалық бағалау нәтижелері бойынша түзете-дамыту бағдарламасының мазмұнын, сабақтарды ұйымдастыру формалары мен олардың ұзақтығы мен жиілігін анықтау;
4. Мектепішілік анықталған ЕББҚ ететін білім алушыларды тізімін бекіту;
5. Мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету: ЕББҚ бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламаларын бейімдеу, сараланған тапсырмалар әзірлеу;

Тыңдалды:

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 2-ші отырысын ППҚҚ төрайымы ашып, қыркүйек айында жүргізілген диагностикалық кезеңнің аяқталғанын хабарлады.

Бұл кезең білім алушыларды, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту барысында туындайтын қиындықтарды анықтау және олардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау мақсатында ұйымдастырылғаны айтылды.

Төрайым өз сөзінде жүргізілген зерттеу нәтижелері ЕББҚ бар білім алушылардың оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі, танымдық және сөйлеу дағдылары бойынша нақты деректер алуға мүмкіндік бергенін атап өтті. Сонымен қатар, алынған мәліметтер жеке оқу бағдарламаларын әзірлеуге және

Scanned with CamScanner

оқу бағдарламаларын бейімдеуге, түзете-дамыту сабақтарының мазмұнын айқындауға, сабақтарды ұйымдастыру формалары мен олардың ұзақтығы мен жиілігін белгілеуге негіз болатыны айтты.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша алдымен арнайы педагог Қ.Нуржанова сөз сөйлеп, білім алушылардың оқу, жазу және санау дағдыларын (оқу дәлдігі мен жылдамдығы, мәтінді түсіну, орфография, графомоторлық дағдылар, арифметикалық амалдар, логикалық ойлау), мектепке бейімделу ерекшеліктерін (нұсқауларды орындау, оқу қызметіне қабілеттілік, сыныптастармен қарым-қатынас), сондай-ақ сенсорлық және моторлық жүйесін (көру және есту қабылдауы, ірі және ұсақ моторика, сенсорлық тітіркендіргіштерге сезімталдық, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары) тексергенін баяндады. Арнайы педагог жеке оқу бағдарламаларын құрастыру мақсатында зияты зақымдалған білім алушыларға жетістіктер картасы толтырылғанын, ал психикалық дамуы тежелген балаларға біліміндегі жетіспеушіліктерді анықтау үшін педагогикалық диагностика жүргізілгенін атап өтті.

Келесі сөзді педагог-психолог алып, оқушылардың когнитивтік және орындаушылық функцияларын (зейін, есте сақтау, ойлау, ақпаратты өңдеу жылдамдығы, жоспарлау, өзін-өзі бақылау) және эмоционалды-еріктік саласын бағалау қорытындыларын баяндады. Ол балалардың мазасыздық деңгейіне, оқу мотивациясына, ерікті реттеу дағдыларына, қозу мен тежелу процестерінің теңгерімділігіне тоқталды. Сонымен қатар зейіннің тұрақтылығы, есте сақтау көлемі мен ойлау операциялары бойынша мәліметтерді ұсынды.

Соңында әлеуметтік педагог сөз сөйлеп, оқушылардың отбасындағы әлеуметтік жағдайына тоқталды. Ол ата-аналардың тәрбиелік әлеуетін, қарым-қатынас ерекшеліктерін және әлеуметтік проблемалардың бар-жоғын анықтағанын баяндады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша алдымен арнайы педагог сөз сөйлеп, ПМПК қорытындысына сәйкес жеке оқу бағдарламасымен оқитын білім алушылардың деңгейіне тоқталды. Диагностикалық тексеру барысында олардың білім деңгейлері анықталып, жетістіктер карталары толтырылғаны және зияты зақымдалған білім алушыларға барлық негізгі пәндер бойынша жеке оқу бағдарламалары құрастырылғаны жеткізілді. Сонымен қатар, арнайы педагог атап өткендей, балдық бағалау жүргізілмейтін пәндер жалпы білім беретін мектептерге арналған үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жүргізілетіні, ал жеке оқу бағдарламалары білім алушылардың психофизикалық ерекшеліктері, өзекті даму аймағы мен жақын даму аймағы ескеріле отырып әзірленетіні айтылды.

Мектепте жеке оқу бағдарламасымен оқытылатын 1 оқушы бар.8 «Б» сынып оқушысы Шәкір Нұрдаулет. Оған негізгі пәндер бойынша жеке оқу бағдарламасы құрастырылғаны баяндалды. Зияты зақымдалған білім алушыларға арналған үлгілік оқу бағдарламасында оқу материалының орналасуы үлгілік болып табылатыны, білім алушылардың ерекшеліктерін

Scanned with CamScanner

Scanned with CamScanner

ескере отырып, мұғалім бағдарламалық материалды өз бетінше үйлестіре алатыны (тоқсаннан тоқсанға, сыныптан сыныпқа көшіру арқылы), сондай-ақ әр тақырыпты оқытуға қажетті сағат санын дербес анықтай алатыны атап өтілді. Осыны негізге ала отырып, білім алушының пәндер бойынша даму деңгейі мынадай екені көрсетілді:

Математика пәні – 1-сынып деңгейінде;
Қазақ тілі пәні – 2-сынып деңгейінде;
Әдебиеттік оқу пәні – 2-сынып деңгейінде;
Орыс тілі пәні – 1-сынып деңгейінде;
Жаратылыстану пәні – 3-сынып деңгейінде;
Дүниетану пәні – 2-сынып деңгейінде.

Ал дене шынықтыру, цифрлық сауаттылық, бейнелеу өнері және еңбекке баулу пәндері жалпы білім беру бағдарламалары негізінде оқытылатыны көрсетілді.

Жеке дамыту бағдарламаларының мазмұнына мынадай бағыттар енгізілді: оқушылардың зейін, есте сақтау және ойлау процестерін дамыту, эмоционалды-еріктік салада өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру, мазасыздық деңгейін төмендету, қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру, құрдастарымен және ересектермен өзара әрекеттесуін жақсарту, оқуға мотивацияны арттыру, жағымды оқу уәжін қалыптастыру, әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды дамыту, күнделікті өмірлік дағдыларды қалыптастыру.

Сонымен қатар, педагог-психолог жеке дамыту бағдарламалары сабақ кестесіне енгізілгенін, олар топтық және жеке сабақ түрінде жүргізілетіні айтылды.

Сонымен қатар, барлық санаттағы білім алушыларға арналған «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» пәнінің мазмұны негізінде жеке және топтық түзету сабақтары жоспарланғаны баяндалды. Бұл бағдарламалардың сөйлеу тілінің лексика-грамматикалық құрылымын дамытуға, фонетика-фонематикалық жүйені жетілдіруге, сондай-ақ байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталғаны атап өтілді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектептің командалық бағалау нәтижелерін баяндады.

Командалық бағалау барысында әр білім алушының жеке даму ерекшеліктері ескеріліп, түзету-дамыту бағдарламаларының мазмұны нақтыланды, сабақтардың ұйымдастыру формалары, ұзақтығы мен жиілігі анықталды.

Командалық бағалау қорытындысына сәйкес:

8-сынып оқушысы Шәкір Нұрдаулет психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мазмұны нақтыланды:

Арнайы педагогпен – аптасына 1 жеке сабақ (30 минут) және 1 топтық сабақ (45 минут): бір рет жеке оқу бағдарламасы бойынша, бір рет түзете-дамыту бағдарламасы бойынша;

Педагог-психологпен – аптасына 1 жеке сабақ (30 минут).

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша ППҚҚ төрайымы Э.Кулиева сөз сөйлеп, мектепішілік анықталған ерекше білім беру қажеттілігі бар (ЕББҚ) білім алушылардың тізімін ұсынды. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары жүргізген диагностика қорытындысына сәйкес ЕББҚ бар білім алушылардың жеке ерекшеліктері, оқу жетістіктері мен дамуындағы қиындықтары айқындалды.

Мектепішілік анықталған ЕББҚ ететін білім алушылардың тізімі:

1. Бақытбек Айнур
2. Нартай Еркежан
3. Даулетбай Айбек
4. Мейірбек Раяна
5. Мейірбек Рабиға
6. Абдугофир Алтынбек
7. Сатибай Бейбизейнеп

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша Қ.Нуржанова_ақпарат берді. ЕББҚ бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламаларын бейімдеу және сараланған тапсырмалар әзірлеу бойынша мұғалімдерге берілді.

Баяндамада оқу бағдарламаларын бейімдеу, сараланған тапсырмаларды құрастыру, бағалау жүйесін икемді қолдану және инклюзивті ортада тиімді оқыту әдістерін пайдалану қажеттілігі атап өтілді.

Ұсыныс:

1. Бірінші жартыжылдыққа арналған жеке оқу бағдарламалары мен түзете-дамыту бағдарламаларын құрастыру және бекіту ұсынылсын.
2. Мектепішілік анықталған ерекше білім беру қажеттілігі бар (ЕББҚ) білім алушылардың тізімін бекіту ұсынылсын.
3. Арнайы педагог, логопед тарапынан түзете-дамыту сабақтарының жүйелі жүргізілуін қамтамасыз ету ұсынылсын.
4. Мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету жұмыстары жалғастырылсын: оқу бағдарламаларын бейімдеу, сараланған тапсырмалар әзірлеу және бағалау жүйесін икемді қолдану бойынша ұсынымдар беру ұсынылсын.
5. Әр білім алушыға жүргізілген жеке және топтық түзете-дамыту сабақтарының нәтижелерін тоқсан сайын талдап, ППҚҚ отырысында қарастыру ұсынылсын.

Шешім:

1. Бірінші жартыжылдыққа арналған жеке оқу бағдарламалары мен түзете-дамыту бағдарламалары бекітіліп, сабақ кестесіне енгізілсін.
2. Мектепішілік анықталған ерекше білім беру қажеттілігі бар (ЕББҚ) білім алушылардың тізімі бекітілсін.
3. Арнайы педагог, логопед тарапынан түзете-дамыту сабақтары жүйелі түрде жүргізілсін.

Scanned with CamScanner

4. Мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету жұмыстары жалғастырылсын: оқу бағдарламаларын бейімдеу, сараланған тапсырмалар әзірлеу және бағалау жүйесін икемді қолдану қамтамасыз етілсін.
5. Әр білім алушыға жүргізілген жеке және топтық түзете-дамыту сабақтарының нәтижелері тоқсан сайын талданып, ППҚҚ отырысында қарастырылсын.

ППҚҚ төрайымы: Э.О.Кулиева

Хатшы: Қ.Нуржанова

Scanned with CamScanner